

Екібастұз қаласының №28 Станция сайлау округінен облыстық мәслихатқа депутаттыққа кандидат

АПАХАНОВ БАҒАДАТ ИБРАГИМҰЛЫ

ӨМІРБАЯНЫ

Бағадат Апаханов 1959 жылы Павлодар облысы, Ертіс ауданында дүниеге келді. Ұлты-казак. 1966 жылы орта мектепке барып, оны бітірісімен оқуын құрылыс техникумында жалғастырып, содан кейін Павлодар индустриалдық институтына түсті. Бағадат Апаханов өзін студенттік құрылыс отряд штабында қабілетті басқарушы ретінде көрсетті әрі республикада ең үдік студенттік отряд үшін берілетін КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Күрмет грамотасымен» марапатталды.

Жолдама бойынша Екібастұз қаласындағы «Екибастузшахтастрой» комбинатына жіберілді. Осында базаның директорылығына дейін көтерілді.

1994 жылы «ЭЭЖПС» тресінің басқарушы қызметіне бекітілді. «Екибастузэнергожилпромстрой» трес бөлімдерін басқарған кезде №8, 9 шағын аудандар, №23 мектеп бой көтеріп, МАЭС-2 жұмысшыларына Солнечный кенті салынды.

1997 жылдан және қазіргі күнге дейін «Ремстрой» ЖШС-і бас директоры болып келеді. «Ремстрой» ЖШС-і облыс нысандарында құрылыс-құрастырушылық жұмыстарын жүргізеді.

Апаханов Бағадат өндірістік және кәсіптік қызметті кәсіби деңгейде жүргізу үшін Алматы халықаралық институтын бітіріп, заңгер мамандығын алды.

Отбасы жағдайы: үйленген, қызын және екі ұлын тәрбиелеп отыр.

Менің бизнесім халық игілігіне бағытталған

Бағадат Ибрагимұлы облыстық мәслихаттың депутаттығына екінші рет түскелі отыр. Екібастұздың тұрғыны ретінде қаламыздың дамуына қомақты үлес қосқан Б. Апахановтың ойынша, алдағы уақытта атқаратын шаруа бұдан да ауқымды болмақ. Бағадат Ибрагимұлымен арадағы әңгіме де осы төңіректе өрбіді.

-Бағадат Ибрагимұлы, біздің қаладан сайланған депутаттардың ықпалымен облыстық деңгейде Екібастұз өңіріне қатысты қандай мәселелер шешілді?

-Өзіңіз де білесіз, қалада ауызсу мәселесі ұзақ уақыт шешімін таппай келді. Ертіс-Қарағанды каналынан тартылған су құбырлары тозып, шірі бастады. Көпқабатты үйлерде 6-шы қабаттан жоғары су деңгейі көтерілмей, тұрғындар қиналып қалды. Екібастұздық депутаттар облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында дабыл қағып, Министрлікке дейін хат жазып, осы мәселені көтердік. Депутаттардан тұратын көшпелі комиссия каналға келіп, жағдаймен жақынарақ танысты. Содан кейін барып Үкімет осы салаға қомақты қаржы болді.

-Сайлаушылардың тілегінен елдің жағдайын көруге болады. Сайлаушылармен кездесуде тұрғындар қандай өтініш-талаптар айтууда?

-Қазіргі жағдайдағы күрмеуі қиын мәселелерге келсек, ол-көпқабатты үйлердің жергелелері мен шатырларының жағдайы. Сонымен бірге жылу трассасы мен су келетін құбырлардың тозып, істен шығуы. Міне, осы мәселелер мемлекет деңгейінде шешуді қажет етеді. Сондай-ақ «Сіз депутатсыз» деп көр-жер шаруаны шешіп беруді сұрайтындар бар. Біреуге көмектессен болды, ертеңіне бірнешеуі жетіп келеді. Біреуі «әншілігіне», екіншісі спортына де-

меуші болуды, енді біреуі денсаулығын түзеуге ақша сұрайды. «Судың да сұрауы бар». Менің қарамағымда 600-дей адам жұмыс істейді. Мен солардың да жағдайын ойлауға тиісімін. Ана жолы 14 адам пәтеріне телефон орнатуды сұрады. Олардың беттерін қайтармай, беделімді салып айтқандарын орындаған едім, оны естіп тағы 8 адам үйіне телефон орнатуды сұрады. Айтайын дегенім, телефон нөмірі кезекпен беріледі. Ел алдындағы абыройымды пайдаланып, біреуге кезексіз телефон орнату азаматтығыма сын емес пе. Осы мақаланы оқыған соң оқырмандар ойланса екен деймін.

-Сіздің жеке фирманың бар. Кәсіпкерлік пен депутаттықты қатар алып жүру қиын емес пе?

-Шыншымды айтсам, депутат болудың машақаты жеткілікті. Халықтың аманатын арқалаған соң оған жеңіл-желпі қарауға болмайды. Жасыратыны жоқ, кейде елдің проблемасын өз бизнесінің есебінен шешесің. Біз қаланың 50 жылдығына ауқымды жұмыстар атқардық. Орталық көшенің қиылысына градусы бар сағат орнаттық. Оның құны-5 млн. теңге. Кірпішті ілгеріде Семейден және көрші Ресей елінен тасымалдасак, қазір Екібастұз ауылдық округінде кірпіш зауытын аштық. Жанбырлы күндері қалыпқа құйған кірпіштеріміз кеппей, біраз бейнет көрдік. Сондай-ақ ядролық технологиялық парктің



құрылысын салуды қолға алмақпыз. Жылу жүйесіне жаңа технология енгізіледі. Ауаға зиянды қалдықтарды шығармай, скважина арқылы жылу жіберу ең тиімді әдіс деп саналады. Айта кетерлік жай, бұрын газеттерде «Жұмыс іздеймін» деген хабарландырулар көп кездессе, қазір керісінше «Жұмысқа шақырамын» деген хабарландырудан көз сүрінеді. Бүгінде еңбек күші жетіспейді. Көрші Қырғызстан, Өзбекстаннан жұмыс күшін шақыруға мәжбүрміз. Өзімізге қажет мамандарды қалада даярлап жатырмыз. Менің кәсіпкерлігімде атқарылып жатқан шаруаның барлығы халық игілігіне бағытталып отырғанын естеріңізге салғым келеді.

-Әңгімеңізге рахмет

Ю.Жұмаділов

Республиканың бюджет қаржысы есебінен төленді.
Шығуына жауапты Г.И.Фатыхова